

үнемді, тиімді пайдалану әлі де болса, күн тәртібінде тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармау орынды.

Қолданылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық дауыс беру жолымен қабылданған өзгерістері мен толықтыруларымен қоса // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2 Айман Ж. Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарымен қалай жұмыс істейді? // <https://ekonomist.kz/kz/zhussupova/halyqtyn-aleumettik-alsiz-toptar/> //

3 Жанатаев Д., Ерлан Г. Озон қабатының бұзылуы және салдары // <https://massaget.kz/blogs/ozon-kabatyinyin-buzyiluyi-jane-saldaryi-28335/> //

4 Руслан Р. Су тапшылығы: себебі мен салдары // <https://egemen.kz/article/337427-su-tapshylyghy-sebebi-men-saldaryi> //

Серік А.Н.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
заң факультетінің Ю-24-1 тобының студенті*

(Ғылыми жеткеші мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., Серікбаева С.С.)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақ даласы сан ғасырлық тарихы бар дала демократиясын ұстана отырып

бейбіт жолмен қантөгіссіз құрылған мемлекет. Демократия теңдік пен әділеттікке негізделіп, бүгінгі күнде ел болып қалыптасуымызға үлкен септігін тигізіп отыр. Демократиялы мемлекет астарында біз білмейтін біраз дүние жатқаны анық. Халық еркіндігін мойындайтын бұл саяси режим қазақ халқына таңсық мәдениет емес керісінше жақын болып табылады. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?

Қазақ қоғамының басқару жүйесінде би-шешендер институты ерекше орын алды. Олар дау-дамайды шешуде, әділеттілік орнатуда, халықтың тұрмыс-тіршілігін сақтауда басты тұлға болып саналды. Халыққа жақындылығымен, заңгерлік және сот жағына, әдет-ғұрыпты сақтай отырып әділ шешім шығарумен ерекшеленді. Дауларды шешу жария түрде елдің алдында өтетін. Бұл халық алдында әділеттілікті сақтау үшін маңызды болды. Қазақ қоғамында сөз бостандығы дала демократиясының ең маңызды белгісі болып саналды. Баяғы деректерге көз салсақ, би-шешендер халықтың пікірін тыңдай отырып, қай жағы дұрыс қай жағы бұрыс екенін аңғарып екі жаққа тең шешім шығарған. Дала демократиясының негізінде қалыптасқан бұл жүйе әрбір жеке тұлғаның өз ойын ашық білдіруге құқылы болды. Сөз бостандығы тек сөйлеу ғана емес, сонымен қатар қаралып жатқан мәселені ашық талқылап, ешқандай қайшылықсыз шешім шығару болды. Билердің қатысуымен пікірталас алаңы да қалыптаса бастады. Олар бір-бірін тыңдай отырып, кез-келген мәселені даналыққа салып, шешендік сөздермен қоғамдағы тәртіпті заңдық негізде қалыптастырды. Еркіндікке ұмтылған қазақ халқы сол кезден-ақ пікірталас алаңын ашып, бүгінгі күнге дейін қоғамдағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды құралы болып саналды. Дала демократиясының тағы бір көрінісі ретінде дәстүрлі құқық жүйесіндегі құқықтық заңнама «Жеті Жарғы» болып саналды. Заң нормасы әрбір адамның құқығын қорғауға тырысты. Ханнан бастап шаруаға дейін заң алдында тең деген принципті ұстана отырып, халықтың ажырамас тұтастығын, бірегейлігін ұстап отырды.

Дала демократиясы жазалау әдістерімен де ерекшеленді. Қоғамдық тәртіпті нығайта отырып олар екі жақтың тараптарын татуластыруға тырысты. Қазақтарда түрме,зындан деген ұғым болмады. Кінәлі адамды әрқашан қылмысына лайықты жазамен жазалап отырды. Қазақтың ең керемет көрінісінің бірі кек алу жолдарын алдын алу болып саналды. Екі

тараптың уәждерін еркін түрде естіп алып, кінәлі адамға құн төлетіп немесе дүре соғу арқылы, келісімге келе отырып дауларды бейбіт түрде шешті. Осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының айтқан оймен бөлісетін болсақ: «Қазақ билері-тек заңгер емес, халық мұның тыңдаушы, әділдікті орнатушы, елдің бірлігін сақтаушы» - дейді. Шынымен билер демократияның негізгі тірегі секілді. Бірлік түбі береке деп босқа айтпаса қажет, осы принципті ұстанған қазақ билері елдің ынтымағын берік ұстады. Дауларды шешу жариялылық тәртіпте өтіп, халықтың әділдігін қамтамасыз ете білді. Дала демократиясының жазалау әдістері қазақ қоғамын татуластыру, теңдік және қоғамды біріктіруге негізделген. Күні бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып, тарихи құндылығын көрсетеді.

Дала демократиясы бүгінгі күндегі демократияның негізін салған саясат десем қате болмайтын еді. Тарих пен бүгінгі күн үндесе отырып, қазіргі құқықтық жүйе мен басқару механизмін жаңғырта түсті. Қазір қолданып жүрген ашықтық принципі Дала демократиясына тән десем сенесіз бе? Иә, дәл солай! Қазіргі демократиялық жүйеде халықтың басқаруға қатысу құқығы сайлау арқылы жүзеге асады. Президент пен Парламент депутаттарын сайлау кезінде, халықтың еркін таңдауы арқылы билікке келе алады. Заң шығару кезінде азаматтарға қолжетімді түрде жарияланып, қоғамдық пікірді ескеруге мүмкіндік береді. Азаматтар өз кезегінде пікірлерін білдіріп, Парламент отырыстары ашық өткізіледі және маңызды істер БАҚ-қа жеткізіледі. Бұл бізде би-шешендердің қоғамдық кеңестерде әрбір адамның өзіндік пікір білдіру құқығы екенін білуге болады. Сайлау кезінде де қазақта Хан сайлар алдында халықтың қолдауына ие болып, ашық түрде билер мен рубасы қатысуымен жүзеге асқан. Екі жүйеде де халықтың қолдауына ие болып, еркін қалыптасқан пікірмен шешім қабылдауды негізгі құндылық етіп көрсетеді.

Билер соты кезінде екі тарапты келістіруге басымдық бере отырып, кек алу жолының алдын ала білген. Қоғамдық келісім мен бейбіт өмірді жандандыру басты мақсат болып табылды. Қазіргі жүйеге де сай мәселені шешу үшін сотқа дейін жеткізбей медиация көмегіне жүгіну немесе өзара бейбіт келіссөздермен шешіп отырады. Екі жүйе де дауласқан тараптарды татуластыру және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Билер кеңесі Парламентке тарихтың іргетасын қалап бергендей. Қоғамның құқықтық жүйесін сабақтастыра отырып, елдің өкілдік органы болып табылған. Билер де депутаттарда халық мүддесін қорғай отырып, қоғамдық тәртіпті заңдармен әдет-ғұрыпмен қамтамасыз еткен. Екі жүйеде де басқарушы биліктегі Хан, Президент билігін шектеп, заңға қайшы келетін іс болса, халық көзқарасымен сенімсіздік әрекетін білдіріп отырған. Екі жақта да шешім жариялылық түрде іске асты. Халық қолдауына ие болып, көтерген беделімен сайлауға түскен. Билер кеңесі салт-дәстүрге, әдет-ғұрып заңдарына сүйенсе, қазіргі Парламент заманға сай құқық нормалары мен Конституцияны негізге алады. Бірақ заман өзгерсе де түп негізі, шығу тарихы Дала демократиясынан бастау алған деген тұжырымдама қате болмас.

Би-шешендер сөз бостындығын еріккеннен беріп қана қоймай, өскелең ұрпаққа тәрбие беруде қолданды. Сөзге шешен, ойға жүйрік қазақтың ұл-қыздары қырандай еркін самғап, ойын ашық әрі әділ жеткізе білу маңызды болды. Демократиялы дәстүр- бұл болашақ ұрпақтың еркін әрі тең құқықтық қоғамда өмір сүруінің негізі болатын құндылықтар. Қазақстан азаматтары өз құқықтарын қорғап, өзіндік көзқарастарынан жасқанбай ел алдында қабілеттерін толық аша білді. Жас ұрпақ өз елінің дамуына, үлкен жауапкершілікті мойнына ала отырып, бүкіл әлемнің бейбіт дамуына үлес қосып келеді. Демократиялы мемлекет-қоғам мүшелерінің дамуына жағдай жасап, елдің гүлденуіне жол ашады.

Дала Демократиясы болашаққа нық қадам басудың негізгі алғышарты. Бүгінгі күні демократиялық құндылықтарды сақтау- тұрақты, парасатты әрі еркін қоғам қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Бұл құндылықтарды әрі қарай өрбітіп, даму үшін бірнеше аспектілерді қамту қажет. Бірінші: Заң барлық азаматқа тең болу. Сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз ете отырып, әділетті ел болу. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, онымен күресу. Екінші: адам құқықтары аяққа тапталмай, дұрыс заң жүзінде қорғалу. Пікір еркіндігі, сөз бостандығы және баспасөз қызметтерінің тәуелсіз болуы.

Үшінші: азаматтардың өз құқықтары жөнінде білімдерін арттыру. Еркін әрі әділ сайлау жүйесін нығайту. Білім мекемелерінде жас буынға адамгершілік, құқық және өзара құрмет көрсетуді насихаттау.

Демократиялық құндылықты сақтау барлық жеке тұлға қатысуын талап ететін үздіксіз процесс болып саналады. Заң үстемдігін нығайтып, бүгінгі күнмен тарихты сабақтастыра отырып адам құқықтарын қорғау және өскелең ұрпақтың сана-сезімін ояту тек сақтап қалу емес, сонымен қатар оларды жаңа деңгейге көтеру болып саналады. Дала Демократиясын жандандыру тек өткен тарих емес, бүгінгі мен болашақтың бағыт-бағдар беретін асыл мұра.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <https://kaz.365info.kz/dala-demokratiyasyn-nemese-khazakhsha-sajlau-ylttykh-dastyrlerturaly-bar-shyndykh-356940>
2. А. Байтұрсынұлы. Ақ жол-Алматы «Қазақстан» 1991
3. Қазақстанның Парламент жүйесі туралы
4. <https://stud.kz/referat/show/20454>

Төлепберген А.Б.

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультетінің 2 курс магистранты
(Ғылыми жетекшісі – Бирманова Ақсұңқар Исланбековна PhD, қауымдастырылған
профессор, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)*

МЕМЛЕКЕТ ТИПОЛОГИЯСЫ ТҮСІНГІНІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢІСТІКТЕ ҚАРАСТЫРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекет жан-жақты, көп қырлы, әртүрлі сипаттағы қасиеттері мен белгілері бар құбылыс. Тарихи эволюция барысында қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде соған сәйкес келетін мемлекет орнайды. «Әртүрлі халықтарда, әртүрлі тарихи кезеңде мемлекеттік-ұйымдастырылған қоғам дамуының тарихи кезеңдерінің ерекшеліктері осы кезеңнің барлық мемлекеттеріне тән болатын мәнді жалпы белгілерін және жеке мемлекеттердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді» [1,60]. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясында мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдісі ретінде мемлекет және құқық типологиясы қолданылады. «Мемлекеттің мәні мен табиғатын анықтау оның әлеуметтік-сапалық сипаты мен ішкі қасиеттерін теориялық нысанда ашуға мүмкіндік беретін типтендіру қажеттілігін негіздейді» - деп жазады А.Г.Хабибулин [2,155].

«Типология, немесе мемлекеттер мен құқықтық жүйелерді типтерге жіктеу мемлекет пен құқықтың бір типінің екіншісімен ауысуының тарихи бұлтартпайтын үрдісінің көрінісі ретінде мемлекет және құқықтың табиғи-тарихи дамуын танудың объективті қажетті, заңды үрдісі, мемлекет және құқық дамуының тарихи үрдісін танудың маңызды әдістері немесе құралдарының бірі болып табылады» - деп жазады танымал ресейлік теоретик М.Н. Марченко [3,142]. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясы үшін типология - ғылыми ақпарат мазмұнын көтерудің маңызды құралы, өйткені ол объектінің саралау жүйесінде алатын орнына байланысты белгілері мен қасиеттері туралы барынша мол тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді [4,1].

Дегенмен, заң ғылымында мемлекет және құқық типологиясын пайдалану әдістемелік сипаттағы кейбір мәселелерді тудырады. Ғылыми таным әдісі ретінде мемлекет және құқық типологиясы әртүрлі деңгейде анықталады. Кейбір жағдайларда типология «классификация» түсінігіне синоним ретінде қолданылады [5,257], кейде аталған түсініктер мазмұны және пайдалану мақсаты бойынша әртүрлі деп саналады [6,61-63], үшіншілердің көзқарасы бойынша типология анықталған белгілерге ие классификацияның арнаулы түрі ретінде қарастырылады [7,12-21]. Аталған әдістерді анықтаудағы көрсетілген әртүрлілік және